

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155  
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті  
Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 737 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155  
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті  
Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесі мен сипаттамаларында:

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесінде:

"Медальдар" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі:

"Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін".";

"Төсбелгілер" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі:

"Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі".";

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының сипаттамаларында (бұдан әрі – Сипаттамалар):

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің медальдары" деген бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің медальдары

"Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін"  
(126-қосымша)

"Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін" медалі сары түсті жезден жасалған және ортасынан көлемді сәулелер тараған диаметрі 45 мм төрт бұрышты жүлдyz болып табылады, медальдің беткі жағы жылтыр.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазуулар шығынқы.

Жүлдзыздың ортасында "ФЕЛЬДЪЕГЕРЛІК БАЙЛАНЫСТЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН" деген жазуы бар, көк эмаль құйылған шеңбер түріндегі күміс түстес қондырма орналасқан. Қондырманың артқы жағында күміс түстес екі қылыш айқастырылып орналасқан. Қондырманың ортасында – қою көк эмаль құйылған қалқан

, онда күміс түстес параллельдер мен меридиандар сызылған айшықты жер шары бейнеленген. Жер шарының ортасында қанаттары жайылған және тұяғында орамасы бар ұшып келе жатқан күміс түстес бүркіт бейнеленген, оның үстінде көгілдір әмаль құйылған күміс түсті айшықты шаңырақ орналасқан.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы көгілдір түсті жібек қатқыл лентамен тысталған, ені 32 мм және биіктігі 50 мм алты бұрышты тағанға жалғанады. Лентаның ортасында – ені 5 мм сары түсті жолақ, шет жақтарында ені 3 мм көк түсті жолақтар орналасқан.

Медальдің сыртқы жағында оның реттік нөмірі орналасады.

Медаль киімге визорлы бекіткіші бар түйреуішпен бекітіледі.";

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің төсбелгілері" деген бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің төсбелгілері

"Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі" (127-қосымша)

"Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі" төсбелгісі мельхиордан жасалған және бөлек қалыпталған екі элементтен тұрады. Күміс түстес негіз ортасынан бедерлі сәулелер тараған диаметрі 50 мм сегіз ұшты жүлдіз болып табылады. Жүлдіздың беткі жағы жылтыр.

Жүлдіздың ортасында "МЕМЛЕКЕТТИК ФЕЛЬДЪЕГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҮЗДІГІ" деген жазуы бар күрен әмаль құйылған шеңбер түріндегі алтын түстес қондырма орналасқан. Қондырманың артқы жағында алтын түстес екі қылыш айқастырылып орналасқан. Қондырманың ортасында – қою көк әмаль құйылған қалқан, онда алтын түстес параллельдер мен меридиандар сызылған айшықты жер шары бейнеленген. Жер шарының ортасында қанаттары жайылған және тұяғында орамасы бар ұшып келе жатқан алтын түстес бүркіт бейнеленген, оның үстінде көгілдір әмаль құйылған алтын түсті айшықты шаңырақ орналасқан.

Қондырма алтын түстес зәйтүн жапырақты дестемен көмкерілген.

Белгінің сыртқы жағында оның реттік нөмірі орналасады.

Белгі киімге бұранда арқылы бекітіледі.";

осы Жарлыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Сипаттамаларға 126 және 127-қосымшалармен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларымен марапаттау (ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

"3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздері" деген бөлімде:

"Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі" деген бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін" медалі

48-1. "Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін" медалімен фельдъегерлік байланысты дамытуда, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық саласында үлес қосқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлері мен адамдар марапатталады.

"Халықаралық дәрежелі құтқарушы" төсбелгісі" деген бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі" төсбелгісі

89. "Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі" төсбелгісімен кемінде үздіксіз 10 жыл қызметте болған, марапаттау алдында 1 жыл ішінде тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған, фельдъегерлік байланысты қамтамасыз ету жөніндегі жедел-қызметтік жұмысында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен бастамашылдығы, батылдығы, жанкешті іс-әрекеттері, фельдъегерлік қызметті дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін марапатталады".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. Токаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2020 жылғы  
№ Жарлығына  
1-ҚОСЫМША

Сипаттамаларға 126-қосымша

**"Фельдъегерлік байланыстың дамуына қосқан үлесі үшін" медалі**



Қатқыл лента

Көгілдір эмаль

Қою кек эмаль

Бедері шығынды жылтыр


Кек эмаль



Қондырма:



28 мм



**Материал:**

**Қондырма:**

- ақ түсті металл (мелхиор)
- кек түсті эмаль (0589)
- қою кек түсті эмаль (1404)
- көгілдір түсті эмаль (68754)

**Негізі:**

- сары түсті эмаль (жез)

**Планка:**


- сары түсті эмаль (жез)
- сары түсті 1 жолакты және кек түсті 2 жолакты көгілдір түсті қатқыл лента

**Бекітпесі:**

- визорлы бекіткіші бар түйрекшілік

Авсер

Реверс



Лазермен ойып  
жасалған жаңба

Масштабы 1:1

Қазақстан Республикасы

Президентің

2020 жылғы

№ Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Сипаттамаларға 127-косымша

## "Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет үздігі" төсбелгісі



Беті жылтыр

Бедері шығындық жылтыр

Күрсән эмаль

Көк эмаль

Бедері жылтыр

Көгілдір эмаль

Негізі:




Кондырма:



Аверс:



Реверс:



Беті күнгірт

Лазермен ойып жасалған  
жазба